



ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Алматыда төтенше жағдайларға жедел әрекет ету жұмысының дайындығы пысықталды

4

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №14 (6692) 10 ақпан, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

МЕГАПОЛИС

«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАҒА АРНАЛҒАН ЖОБА



«Біз – Алматы» кешенді абаттандыру бағдарламасы қалай жүзеге асырылуда? Алматы қаласы әкімінің орынбасары Алмасхан Сметлаев кезекті баспасөз жиынында осы сұраққа жауап берді.



Нұржамал ӘЛІШ

«Біз – Алматы» бағдарламасы біртұтас тәсіл қағидатына негізделген», – дейді Алмасхан Сметлаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңындағы сөзінде. Оның айтуынша, қалалық ортаны ауқымды абаттандыру – көшені, қоғамдық кеңістіктер мен инженерлік инфрақұрылымды қамтитын ауқымды шаруа. Яғни бір аумақта кеңістіктің функционалдығы, қауіпсіздігі, ыңғайлылығы мен көгалдандыру жағы қатар шешіледі.

«Мұндай формат пайдасыз шешім шығарып, бір жерді қайта-қайта жөндегеннен аулақ болуға мүмкіндік береді. Біз қазір бытыраңқы жобалардан бас тарттық. Бүгінде қалалық ортаға арналған бірыңғай стандартты бірден енгізген қолайлырақ, сонда жан-жақты өзгеріс болып, ол ұзақ уақыт жұмыс істейді», – дейді спикер.

Барлық жобаны жоспарлау барысында көлік ағыны құрылыс тығыздығы мен іргелес аудан тұрғындарының мүддесі де ескерілетін болады. Алматыда негізгі көшелер мен саябақтар кезең-кезеңімен жаңартылады. Қазір қала әкімдігінде көлік пен жаяу жүргіншілердің жүктемесі жоғары көшелер бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Негізгі мақсат – қалалық ортаның қауіпсіздігін арттырып, оны барынша қолайлы ете түсу.

Биылғы наурызда негізгі жолдар мен қоғамдық аумақтардың біразы, оның ішінде ірі көшелер, бульварлар мен саябақтарда жобаларды іске асыра бастауды жоспарлап қойған. Ал 2027 жылы бұл жұмыстар қаланың орталық және шеткі аудандарын қамтып, басқа жерде де жалғаспақ.

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

«ПИРАМИДА» ПАЙДА ӘКЕЛМЕЙДІ



Бүгінде қаржылық пирамида-лар қоғам үшін ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Экономикалық тұрақсыздық пен халықтың оңай табысқа ұмтылысы алаяқтық схемалардың кең таралуына жол ашуда. Сарапшылардың сөзінше, мұндай қылмыстардың басты нысанасы – қаржылық сауаты төмен азаматтар. Алматы қаласында соңғы бір жыл ішінде 700-ден астам адам қаржылық пирамидалардың құрбанына айналған. Бұл – ресми түрде тіркеліп, қылмыстық іс қозғалған жағдайлар ғана, ал нақты жапа шеккен азаматтардың саны бұдан әлдеқайда көп болуы ықтимал.

Кейінгі жылдары алаяқтардың әрекет ету тәсілдері де күрделене түсті. Бұрын олар ауызша үгіт-насихат пен қарапайым жарнамамен шектелсе, қазір әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, тіпті азаматтардың жеке деректері мен танымал тұлғалардың бейнесін белсенді пайдалана бастады. Ең сорақысы, алаяқтар жасанды интеллект көмегімен жалған видеолар мен дауыстар жасап, азаматтардың сеніміне кіруді көздейді.

5



Коллаж жасаған Нұрболат ӨРІСҮЛЫ.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz





СЕНІМ МЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК

Мәжіліс депутаттары қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті

Жаңа Конституцияның жобасы Алматы қаласында әртүрлі қоғамдық топтармен түрлі деңгейде сараланып, талқыға салынды. Өткен аптада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары мен Конституциялық реформа комиссиясының өкілдері Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесу өткізді.



Дана
САДЫРҚАН

Басқосуда Конституцияның жобасын жан-жақты әрі ашық талқылап, ұсынылып отырған заңнамалық түзетулердің негізгі ережелері түсіндірілді. Сондай-ақ, азаматтық қоғам институттарының пікірлерін ескере отырып ұсыныстар әзірлеуді басымдыққа алды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ермұрат Бапи конституциялық реформаның маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түсетінін атап өтті. Оның айтуынша, заңнамалық өзгерістер ең алдымен комиссия мүшелері деңгейінде кәсіби әрі байыпты түрде қарастырылуы қажет.

– Қоғам мен билік арасындағы сенім мен өзара түсіністік – мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі тірегі. Жеке басқа қол сұқпаушылық қағидаты – құ-

қықтық мемлекеттің бұлжымас діңгегі. Қоғамда кеңінен талқыланып жатқан тіл мәселесі де ұлттық қауіпсіздікпен тікелей байланысты. Елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, мемлекетшілдік сананы нығайту бүгінгі күрделі халықаралық жағдайда ерекше маңызға ие, – деді Мәжіліс депутаты.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров Конституциядағы негізгі құндылықтарға тоқталды.

– Ата Заңда халықтың мемлекеттегі рөлі айқындалады. Қазақстан мың жылдық тарихы бар Ұлы даланың мирасқоры ретінде көрсетілген. Конституцияның қағидаттарында тәуелсіздік пен егемендікті қорғау мемлекеттің басты міндеті екені жазылған. Ал неке – ер мен әйелдің арасындағы еркін одақ ретінде бекітілуі ұлттық салт-дәстүрлердің мемлекет тарапынан қорғалатынын білдіреді. Қазіргі күрделі халықаралық жағдайда Конституция – халқымызды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

біріктіретін негізгі құқықтық құжат, – деді депутат.

Сондай-ақ, Конституциялық комиссия жанынан лингвистикалық комиссия құрылып, заң тілінің сапасын арттыру бағытында жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылды. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бастамасы Президентке, жаңадан құрылатын Халық кеңесіне және Үкіметке беріліп, барлық өзгерістер тек референдум арқылы жүзеге асырылатыны атап өтілді.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Совет Сеитов қоғамнан ұсыныстардың түсуін оң үрдіс деп бағалады.

– Халықтың белсенді түрде пікір білдіруі – демократиялық дамудың белгісі. Әсіресе, жастарды қоғамдық талқылауларға тарту аса маңызды. Бо-

лашақ – жастардың қолында, – деді ол.

Қоғамдық кеңес мүшесі Богдан Джепка заманауи сын-қатерлер – цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде Конституцияға өзгерістер енгізу уақыт талабынан туындап отырғанын айтты. Оның пікірінше, жаңа нормалар қоғамды мобильдірек етіп, бюрократияны азайтып, мемлекетті азаматтарға жақындатады. Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауға қатысты ұсыныстардың Конституцияда көрініс табуы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Кездесу соңында қатысушылар конституциялық реформаны кең көлемде қоғамдық талқылау елдің саяси тұрақтылығы мен демократиялық дамуының маңызды кепілі екенін атап өтті.

САЙЛАУ МӘДЕНИЕТІ СЫНЫПТАН БАСТАЛАДЫ

Қалалық байқаудың жеңімпаздары анықталды

Алатау ауданы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында Дүниежүзілік сайлау күніне орай Алматы қаласының Аумақтық сайлау комиссиясы өткізген «Мектептегі өзін-өзі басқарудың үздік сайлау жүйесі» атты III қалалық байқаудың финалдық кезеңі өтті.



Нұрлан
СҮЙІН

Байқау оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтық жауапкершілігін дамытуға, сондай-ақ жастардың демократиялық үдерістерге және сайлауға қатысу мәдениетіне қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған.

Байқау екі кезеңде өтті. 12–30 қаңтар аралығында қашықтан аудандық тур ұйымдастырылып, оның барысында мектептер мектептік өзін-өзі басқарудың сайлау жүйесі үлгілері бойынша бейне презентациялар ұсынды. Жалпы, қатысуға 124 өтінім беріліп, 115 мектеп байқау материалдарын жолдады, ал байқауға қаланың 106 мектебі қатысты. Аудандық кезеңдерге мектептегі өзін-өзі басқарудың шамамен, 480 өкілі жұмылдырылды.

Қалалық кезеңнің финалында аудандық турлардың жеңімпаздары атанған сегіз команда өнер көрсетіп, сайлауды ұйымдастыру және мектеп парламенттерінің қызметі бойынша өз үлгілерін таныстырды. Командалар мектепшілік сайлауды өткізудің практикалық тетіктерін, оқушыларды өзін-өзі басқару үдерістеріне тарту жолдарын, сондай-ақ оқушылар бастамаларын дамытудағы өз жетістіктерін көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

I орын – Бостандық ауданының командасы, «Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия» КММ.

II орын – Алмалы ауданының «№134 лицей» КММ.

III орын – Алатау ауданының «№201 мектеп-гимназия» КММ.

Жеңімпаздар мен қатысушылар дипломдармен, естелік сыйлықтармен және Алғыс хаттармен марапатталды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

РЕФОРМА ӨЗЕГІ

Жаңа Конституция жобасы ғалымдар арасында сараланды

Бір қатар мәжіліс депутаттары Алматыда ғалымдармен бас қосып, Конституциялық реформа жобасын талқылады. Сарапшылар реформа жобасының құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды нығайтудағы маңызына кеңінен тоқталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Дөңгелек үстелге» ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жанарбек Әшімжан мен Үнзила Шапаққызы, сондай-ақ Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанмен қатар ғылыми-сарапшылық қауымдастықтың өкілдері, заңгерлер мен саясаттанушылар қатысты.

Депутат Үнзила Шапаққызы парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшесі ретінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, жұмыс тобы Парламент реформасына қатысты 600-ге жуық ұсынысты қараған. Ал Конституцияның өзге бағыттарына қатысты 1200-ден астам ұсыныс арнайы құрылған Конституциялық комиссияның қарауына берілген.

«Қазіргі таңда бұл ұсыныстардың барлығы жан-жақты талқыланып жатыр. Комиссия жұмысы ашық форматта, тікелей трансляция арқылы жүргізілуде. Конституция жобасы соңғы нұсқа емес,

ұсыныстар әлі де қабылданып, мазмұнды әрі салмақты түзетулер енгізілуі мүмкін», – деді депутат.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан құжаттың негізгі өзегі – ұлттық тәуелсіздікті сақтау, мемлекеттілікті нығайту және адам құқығын басты құндылық ретінде бекіту екенін алға тартты.

«Жаңа Конституция 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. Адамның құқықтары мен бостандықтарынан бастап, билік тармақтарының – заң шығарушы органның, Үкіметтің, Президенттің, сот жүйесінің қызмет ету тетіктері нақты айқындалады. Сонымен қатар, отбасы институтын сақтау, әділ сот жүйесін қалыптастыру, адам құқығын қорғау мәселелері кешенді түрде қамтылған», – деді Жанарбек Әшімжан.

Депутат Конституцияның преамбуласында елдің тарихи сабақтастығы, мемлекеттілік дәстүрі мен бабалар мұрасы ескерілгенін атап өтті. Оның айтуынша, 1995 жылғы Конституция өз дәуірінде маңызды рөл атқарды. Бірақ қазір қоғам мен әлемдік саяси ахуал өзгерді. Цифрландыру, жасанды интеллект, білім мен ғылымның жаңа кезеңі Ата Заңды жаңартуды талап етті.

Ғалымдармен кездесуде депутаттар жаңа құжат жобасы қоғамнан, өмірден алынғанын, әрі бүгінгі нақты қажеттіліктерге жауап беретінін айтты. Әрі ең бастысы тәуелсіздік пен тұтастықты, ұлттық қауіпсіздікті сақтауға бағытталғанын баса белгіледі.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясында жаңа Конституция жобасын ғылыми қауымдастықпен, сараптамалық талқылауға арналған «Конституцияны жүйелі жаңғыртудың ғылыми негіздері» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Онда жаңа Конституция жобасы аясында ғылым, білім, адами капитал және инновацияның мемлекет дамуының стратегиялық өзегіне айналуы сынды тақырыптар талқыланды.



Досбол
АТАЖАН

«Дөңгелек үстел» отырысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Конституциялық комиссия мүшелері, қоғам белсенділері, академиктер мен еліміздің жетекші ғалымдары қатысып, баяндама жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас директоры Анар Фазылжан өз сөзінде тәуелсіздік кезеңінен бері ой-танымы бөлек жаңа

буын қалыптасқанын, реформалық жоба жаңа буынның талап тілгені сай екенін баса белгілеп өтті. Әсіресе, ғылым, білім мен инновацияға басымдық берілген баптардың болуы болашақ ел дамуының айқын бағыттарын көрсетеді деген пікірін ортаға салды.

Ғылыми талқы барысында ғалымдар мен депутаттар еркін пікір алмасып, реформалық жобаның мазмұнын терең саралады. Отандық ғалымдар мемлекеттің дамуын айқындайтын басты құжатта ғылым-білімге айқын бағыт пен басымдық бергенін оң бағалады.



Айдос САРЫМ,
ҚР Мәжілісінің депутаты:

Цифрлық құқық мәселесі қосылды

Осыдан 30 жыл бұрын қабылданған Конституциямыз біздің енді ғана өмірге аяқ басқан мемлекеттің таңдауы болса, бүгінгі Конституция кемелденген, өз күшіне сенген, өзінің болашағын бағдарлаған ел мен қоғамның таңдауы деп пайымдап отырмыз. Жаңа Конституция жобасында маңызды деген екі бөлігі бар. Біріншісі – ол тәуелсіздік пен егемендік мәселесі. Преамбуладан бастап, бүкіл Конституцияның бойына үлкен өзгерістер еніп жатыр. Ең бастысы – еліміздің тәуелсіздігі, мемлекет болған нышандарымызды күшейту. Қос азаматтық секілді мәселелерге шегелеп

өзінің бағасы беріліп отыр. Екінші бағыт – біздің қазақ жастарына қажетті ғылым, білім, ілім мәселесі өте жақсы көрсетілді деп ойлаймын.

Одан бөлек, Еуразия кеңістігінде алғашқы болып Конституцияға цифрлық құқық мәселесін қосып жатырмыз. Бұрынғы болмыс-бітіміміз, адамның физикалық болмысымен қатар, қазір енді сандық, цифрлық өмірі де, өлшемі де пайда болды. Соның ішінде азаматтардың құқығын қорғау мәселесі осы Конституцияның жаңа жобасында айтылып жатыр. Сол себепті, біз ұлт ретінде, кемелденген қоғам ретінде, тек қана кешегімен емес, болашақпен де өмір сүруіміз керек. Ғылым – мемлекеттің стратегиялық бағдары, басымдығы деп танылып отыр.



РУХАНИ-ИДЕЯЛЫҚ БАҒДАР

ҚазҰУ-да реформа жобасы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған академиялық тыңдалым өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары судьялар, мемлекеттік органдардың өкілдері, академиялық қауымдастық мүшелері, жетекші заңгер-ғалымдар, сондай-ақ конституциялық құқық саласындағы тәжірибелі адвокаттар мен сарапшылар қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөзді алған ҚазҰУ Заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов жаңа Конституция жобасының мазмұндық әрі идеялық өзегі преамбулада айқын көрініс тапқанын айта келіп:

– Жаңартылған преамбула формалды кіріспе емес, мемлекеттің рухани-идеялық тұғыры, Конституцияның бүкіл мәтінін біріктіріп тұрған құндылықтық бағдар ретінде ұсынылады. Дәл осы бөлімде мемлекеттің тарихи жады, қоғамдық келісімге деген ұмтылысы және болашақ дамудың стратегиялық бағыты жинақталған, – деген пікірін ортаға салды.

Сонымен қатар, академиялық тыңдауда мемлекеттік биліктің конституциялық негіздерін нығайту, адам құқықтары мен бостандықтарының

кепілдігін кеңейту және қазіргі қоғамдық-саяси өзгерістер жағдайында құқықтық институттардың рөлін арттыру мәселесі де тақырыпқа кеңінен арқау болды.

Жиында депутат Үнзила Шапақ Конституциядағы өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталғанын атап өтті.

– Қазірдің өзінде Конституциялық комиссия түскен ұсыныстарды қарастырып, жан-жақты талдау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сондықтан әлі де жаңа Конституцияға толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. Осы орайда, университеттік ғалым-сарапшылармен бірлесіп академиялық тыңдаулар өткізу аса маңызды», – деді ол.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи «Конституция – мемлекеттің құқықтық қаңқасы ғана емес, қоғам мен биліктің өзара сенімінің кепілі» деген маңызды пікірін ортаға салды. Сондықтан ұсынылып отырған өзгерістер ең алдымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нақты қорғауға, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға бағытталуы тиіс деп атап көрсетті.

Іс-шара барысында қатысушылар жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін жан-жақты әрі кәсіби тұрғыда талқылап, ұсынылып отырған өзгерістер жөнінде жан-жақты талдап, түрлі пікірлерді ортаға салды.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘНІ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасында білім мен ғылым саласына мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде назар аударылып отыр. Мәселен, жобаның кіріспе бөлімінде білім мен ғылым құндылықтары ерекше аталып, «мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алу» деген ұстанымға негізделгені сөзімізге дәлел бола алады. Бұл тезис Конституцияның жалпы философиялық негізінде білім мен ғылымды жалпы ұлттық даму стратегиясының априорлық субстанциялық негізі болатынын бекіте түседі. Ал жаңа Конституция жобасы преамбуласында осындай ой тұжырымының айтылуы – еліміздің заңнамалық жүйесінің философиялық контексте онтогенездік, антропогенездік, рухани-аксиологиялық когнитивтік түп-болмысын анықтап тұрса керек.

Сондықтан жаңа Конституция жобасы білім мен ғылымды мемлекеттің қызметінің стратегиялық бағыты деп жариялайды. Бұл – бұрынғы Конституциядан (1995 ж. қабылданған және 2022 ж. түзетілген) салыстырмалы түрде елеулі жаңалық болмақ. Білім мен ғылым енді жеке құқықтық міндет ретінде ғана емес, мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары ретінде көрініс тауып отыр. Сонымен бірге, Конституция білім мен ғылымды мемлекеттік идеологияның өзегіне қоя отырып, оны қоғамды дамыту үшін ұзақ мерзімді инвестиция ретінде бекітеді.

Ендігі жерде білім саласы мемлекет үшін стратегиялық бағдар деп мойындалып, ол әлеуметтік мемлекет ұстанымымен әр азаматтың тұлғалық құқықтық кепілдігіне алынуы мүмкін. Басқаша айтқанда, жоба мәтіні бойынша бұған дейін жүзеге аспаған нақты нормативтік өкімдердің келешегіне жол ашылмақ

деп есептейміз. Білім саласының стратегиялық мәртебесі – оның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, әрі құқықтық ынталықты күшейтетініне сенім мол. Дегенмен, оның нақты іске асырылу тетіктері: қаржы, стандарттар, бақылау, зерттеу сияқты жағдайлар бөлек заңдар мен нормативтік актілермен егжей-тегжейлі белгіленуі тиіс болар деген ой туындайды.

Білім саласына қатысты баптар мен тармақтарға «білім идеалы» тұрғысынан жасалған философиялық тұрғыда зер салсақ, талдау тарихи-философиялық, аксиологиялық және өркениеттік тәсілдерді біріктіре қарастыруға жол ашады. Білім идеалы – белгілі бір тарихи кезеңде: қандай білім құнды деп танылады, білімнің мақсаты не, білім мен адам, қоғам, мемлекет арасындағы қатынастың үлгісі қалай түсіндірілетінін айқындайтын философиялық-мәдени өлшем болып мойындалғаны философия тарихынан мәлім. Осы тұрғыдан жаңа Конституция жобасы қазіргі өркениеттік білім идеалын құқықтық деңгейде бекітуге ұмтылып отыр. Конституция жобасындағы білімге қатысты нормалар тек жеке адамның құқығы ғана емес немесе тек мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде ғана емес, бұл норма утилитарлық білім моделінен (тек маман даярлау) өркениеттік-гуманистік модельге көшуді білдірсе керек.

Білім экономикалық құрал емес, адамның кемелдену формасы, мемлекеттің ұзақ мерзімді болашағын айқындайтын рухани-интеллектуалдық ресурс ретінде көрінеді. Мұнда білім идеалы тұрғыдағы субъект «бәсекеге қабілетті адам» емес, «жауапты, саналы, мәдениетті тұлға» ретінде қалыптасады дейтін эпистема қалыптасса керек. Философия тілімен айтқанда, білім идеалы – тұлғаның онтологиялық қалыптасу шарты десек болады.

Ғылым дамуы да Конституцияда стратегиялық ба-

сымдық тұрғыда мойындалған. Бұған дейін Конституцияда ғылымға тікелей арнайы бап жоқ болатын; сала қаржыландыру, ғылыми кадрлар, академиялық еркіндік салалары заңдар деңгейінде өңделетін. Конституцияға ғылымды стратегиялық бағыт ретінде енгізу саяси нысан ретінде маңызды. Алайда, Конституцияның мәтіні жалпы бағытты бекіткенмен, нақты құзыреттер мен міндеттерді заңдар мен мемлекеттік бағдарламаларда айқындау қажет болады. Ғылымның конституциялық деңгейде мойындалуы Жоба мәтінінде ғылым инновациямен, адам капиталымен, ұлттық даму мақсаттарымен тікелей байланыста қарастырылады. Бұл философиялық тұрғыда ғылымды таза теориялық танымнан қоғамдық жауапкершілікке ие таным кеңістігі ретінде қайта түсіндіру деп санаймыз. Білім идеалы тұрғысынан келгенде, ғылым – тек «білуші субъект» емес, қоғам алдындағы моральдық жауапты субъект деп танылмақ. Бұл идея В.Гумбольдт іліміндегі білім мен ғылым бірлігі, XX ғ. экологиялық философиядағы жауапты рационалдылық қағидаттарымен үндес.

Қорыта айтқанда, білім мен ғылыми өнімді коммерцияландыру, лицензиалау және инновациялық белсенділікті қолдаудың заңдық негізін күшейтеді. Жаңа Конституция жобасындағы білім мен ғылым нормалары адамды тек құқық иесі емес, сонымен бірге, ең бастысы адамды мәдени-рухани субъект ретінде тануға негіз болмақ. Мәселені мемлекеттік саясатқа ықпалы тұрғысынан алғанда, Конституция деңгейінде білім мен ғылымды стратегиялық бағытта алу білім беру мен ғылыми даму саласына институционалдық тұрақтылық пен ұзақ мерзімді саясатты қалыптастыруға септігі мол. Жаңа Конституция жобасындағы білім мен ғылым нормаларының пәрменді тұсы: білім мен ғылымды құндылық деңгейіне көтерілуі; прагматизм мен гуманизмнің үйлесуі; болашаққа бағытталған рухани стратегиялық ойлау жүйесі алғышартының қалыптасуына жол ашылуы десек болады.

Д.С.РАЕВ,
философия ғылымдарының докторы,
профессор, Шығыстану факультеті.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ



ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Алматыда төтенше жағдайларға жедел әрекет ету жұмысының дайындығы пысықталды

Қауіпсіздік саясатын жүзеге асыруда төтенше жағдайлар саласы стратегиялық маңызға ие. Қала тұрғындарының өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіп-қатердің алдын алу, жедел әрекет ету тетіктерін жетілдіру және материалдық-техникалық базаны нығайту – осы бағыттағы басым міндеттердің бірі. Осыған орай Алматы қаласы әкімінің орынбасары Алмасхан Сматлаев қаладағы төтенше жағдайларға жедел әрекет ету қызметінің жұмысымен танысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өмірді сақтау – өлшеусіз еңбек

Әкім орынбасары Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру-құтқару бөлімшесіне барып, жедел қызметтің жұмысымен, техникалық жарақтандыру деңгейімен және азаматтық қорғау жүйесін жаңғырту шараларын зерделеді.

Кездесу барысында Алмасхан Бауыржанұлы жеке құрамның кәсібилігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, төтенше жағдайлар қызметкерлерінің дайындығы жоғары деңгейде және қала әкімдігі бұл бағыттағы қолдауды алдағы уақытта да жалғастырады. Министрлік тарапынан қойылатын талаптар жоғары екенін, Төтенше жағдайлар министрі саланы жаңа даму деңгейіне көтеруге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді.

Сондай-ақ, Алматы қаласы әкімінің орынбасары өзінің атынан төтенше жағдайлар қызметінде еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлерді Алғыс хатпен марапаттады. Ол олардың күнделікті қауіп-қатерге қарамастан азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғаудағы кәсібилігі мен адалдығын атап өтті. Құтқарушылардың еңбегі ерен екенін жеткізіп, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

«Қазселденқорғау» мекемесінің Алматы қаласы Кіші Алматы өндірістік пайдалану бөлімінің басшысы Мұхамед Әбділдаевтың саладағы он сегіз жылдық еңбегі еленіп, Алғыс хатпен марапатталды.

«Министрлік пен қала әкімдігі тарапынан қолдау тұрақты түрде көрсетіліп отыр. Бөлім жаңа арнайы техникамен, қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілді. Бұл салада әр қызметкердің еңбегі маңызды, ал қауіпсіздік – баршамызға ортақ міндет», – деді ол.

Алматы қаласы бойынша штаттық кестеге сәйкес 1584 қызметкер қарастырылған. Дегенмен, қазіргі таңда бірқатар бос орындар бар, кадрлық құрамды толықтыру жұмыстары жалғасып жатыр.

Жауапты жерде жалтақтауға жол жоқ

Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Асқар Жаманқұлов былтырғы статистикалық мәліметтерді хабарлады.

«2025 жылы Алматы қаласының өрт сөндіру қызметі төрт мыңнан астам шақыртуға шықты. Оның ішінде жеті жүзден астамы өрт оқиғалары ретінде тіркелді. Жеке құрамның жедел іс-қимылының нәтижесінде 105 адам құтқарылды, олардың 34-і – балалар. Сонымен қатар, 280-нен астам адам қауіпті аймақтан эвакуацияланды», – деді подполковник.

Асқар Жаманқұловтың айтуынша, шақыртулардың басым бөлігі жеке тұрғын үй секторына тиесілі. Сонымен қатар, ірі базарлар мен қоймаларда орын алатын көлемді өрттер де кездеседі. Өрттің шығу себептеріне жүргізілген зерттеулер нәтижесінде көбіне электр желілеріндегі ақаулар мен темекіні дұрыс қолданбау фактілері анықталады. Газ тұтыну жүйелеріне қатысты да оқиғалар тіркеліп тұрады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мадияр МАХМЕТОВ,
құтқарушы-кинолог:

Иттің сезімталдық қасиеті жоғары

Алматы қаласы Құтқару қызметінде 16 жылдан бері еңбек етіп келемін. Жанымдағы қызметтік серігім – іздегіру-құтқару бағытында жұмыс істейтін «Дос» атты ит. Екі жылдан бері қызметте, қойылған міндеттерді сапалы орындап жүр. Кинологиялық қызметтің негізгі мақсаты – төтенше жағдайлар кезінде жоғалған адамдарды іздеу және құтқару. Біз иттерді табиғи ортада да, техногендік жағдайларда да жұмыс істеуге арнайы дайындаймыз. Күнделікті жаттығулар өткізіледі, түрлі сценарий бойынша іздегіру сабақтары ұйымдастырылады. Иттер қар көшкіні кезінде, таулы аймақта, сондай-ақ қираған ғимараттар мен үйінділер астында адамды табуға бейімделеді. Іздестіру жұмыстары барысында бізге белгілі бір аумақ бекітіледі. Ит сол аумақты тексереді. Адамды анықтаған жағдайда арнайы белгі береді. Содан кейін құтқарушылар қажетті көмек көрсетуге кіріседі. Қызметтік иттердің сезімталдық қасиеті өте жоғары, адамды өте қысқа уақыт ішінде анықтай алады. Жуырда тауда болған қар көшкіні кезінде біз оқиға орнына алғашқылардың бірі болып бардық. Ит шамамен, 10 минут ішінде қардың астында қалып қойған зардап шеккен баланы тапты.

Жыл сайын екі рет аттестациядан өтеміз. Техногендік жағдайда белгілі уақыт ішінде бірнеше адамды табу талап етіледі. Егер белгіленген норматив орындалмаса, қызметтік рұқсат берілмейді. Қазіргі таңда бөлімшеде бес кинолог және бір жетекші қызмет атқарады. Жалпы, сегіз қызметтік ит бар.

Андрей БЫБЧЕНКО,
ҚР ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағы құтқару
бөлімшесінің басшысы:

Әдемі кадрдың артында да үлкен қауіп тұруы мүмкін

Қыс мезгілінде таулы аймақтардағы жұмыс күрделене түседі. Қыста ауа райы құбылмалы, уақыт санаулы. Адам суықта тез тоңады, тайып құлап жарақат алады, аяқ-қолын шығарып немесе сындырып жатады. Кейбірі қар көшкіні қаупін ескермей, салдарынан төтенше жағдай туындайды. Жуырда тауда үш жас жігіт қар көшкініне тап болып, қайғылы жағдай орын алды. Көбі әлеуметтік желілердегі әдемі локацияларды көріп, дайындықсыз, маршрутты толық білмей шығады. Ондай кадрлардың артында үлкен қауіп тұруы мүмкін. Кәсіби альпинистер жүретін бағыттарды қарапайым туристер де оңай деп қабылдайды. Тауда тағы бір өзекті мәселе – байланыс. Кей бөлімшелерде мобильді желі ұстамайды. Тауда адам жоғалса, туыстары хабар береді, біз іздеу жұмыстарын бастаймыз. Кейде олар өз бетімен төменге түсіп үлгереді, бірақ құтқарушылар сол сәтте тауда іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізіп жатады. Заңнамада мұндай жағдайлар үшін арнайы жауапкершілік қарастырылмаған, алайда әрбір дабыл – біз үшін шұғыл әрекет етуге негіз.

Құтқарушының жұмысы – тәуекелге толы қызмет. Әсіресе, қыста тауда қауіп жоғары. Сондықтан азаматтарға бағытты алдын ала зерттеп, ауа райын бақылап, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды әрдайым ескертеміз.

Жамшит ТУМАШЕВ,
Байланыс және цифрландыру мәселелері бойынша бас маман:

Квадрокоптерлердің рөлі зор

Қаладағы төтенше жағдайларды бақылау мен жедел әрекет ету жүйесінде квадрокоптерлерді жиі қолданамыз. Таулы аймақтарда олар төрт-бес шақырым биіктікке дейін ұша алады. Кейбір дрондар алысқа, кейбірі жақын қашықтыққа бағытталады. Қала бойынша дрондар диспетчерлік бөлімде, Шымбұлақ станциясында және кезекші бөлімшелерде орналастырылған. Өрт болған жағдайда бір дрон шығады, ал ірі төтенше жағдайларда бірнеше құрылғы бірден жұмылдырылып, тез әрекет етуге мүмкіндік береді. Барлық дрон авиациялық және гарнизондық рациялармен, спутниктік телефондармен қамтамасыз етілген. Зарядтау, қосалқы батареялар және байланыс құралдары әрдайым дайын тұрады. Бригаданың құрамында әр шақырылымда төрт адам болады: бас офицер, байланыс маманы және жүргізуші. Қазіргі таңда 24 сағат бойы тоғыз байланыс маманы және төрт жүргізуші кезекшілікке дайын тұр.



ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

«ПИРАМИДА» ПАЙДА ӘКЕЛМЕЙДІ

Дана
САДЫРҚАН

(Басы 1-бетте)

Табыс табам деп талайдың тауы шағылды

Қаржылық мониторинг агенттігі қаржы пирамидаларының қызметін анықтау және тоқтату бойынша жүйелі жұмысын жалғастыруда. Құзырлы органдардың деректеріне сүйенсек, қаржылық пирамидалар нақты өнім немесе қызмет ұсынбайды. Олардың негізгі табыс көзі – жаңа қатысушылардың салған қаражаты. Ал алғашқы салымшыларға төленетін «пайда» кейін қосылған азаматтардың ақшасы есебінен жабылады. Бұл жүйенің ғұмыры ұзаққа бармайтыны және ақыр соңында міндетті түрде күйрейтіні анық.

Қаржылық пирамидалардың салдары ауыр. Мыңдаған азамат тірнектеп жиған қаражатынан айырылып, қарызға батып жатады. Бұл тек жеке адамдарға емес, жалпы қоғамдағы экономикалық сенімге де кері әсерін тигізеді. Өкініштісі, жапа шеккендердің басым бөлігі қолын мезгілінен кеш сермеп, сан соққаннан кейін ғана құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Бақылауды жетілдіру маңызды

Бүгінде қаржылық пирамидалардың түрлері едәуір күрделене түсті. Мәселен, алаяқтар бұрынғыдай қарапайым түрде ақша салып, белгілі бір адам санынан кейін қаржыны қайтарып алу схемасымен шектелмей, түрлі қызметтерді, әсіресе, тауар сатуды желеу етіп жұмыс істей бастады. Аталған тауарлардың шынайы нарықтық құны жоқ болғанымен, олар бірнеше есеге дейін қымбат бағамен ұсынылады. Тауардың қолға берілуі құрылымдарды заңды қаржы ұйымдарына ұқсатып көрсетіп,



2025 жылы:

- жалған инвестициялық жобалар туралы ақпарат таратқан 7 мыңнан астам интернет-сайт бұғатталды;
- жалпы аудиториясы 276 мың адамды құраған Instagram және Telegram желілеріндегі 43 заңсыз чат жабылды;
- 86 мыңнан астам азаматты тартқан 36 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылды;
- 9 қаржы пирамидасына қатысты 46 сотқа дейінгі тергеу аяқталды;
- 2021 жылдан бері 100-ден астам қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылған;
- 227 ұйымдастырушы нақты мерзімге бас бостандығынан айырылды.

азаматтардың санасын шатастырады. Бұл жөнінде Мәжіліс депутаты, заңгер Абзал Құспан қаржы салушылардың саны артқан сайын, жүйенің төменгі деңгейіндегі адамдардың салған қаражатын қайтарып алу мүмкіндігі күрт азаятынын айтады. Яғни белгілі бір шекке жеткенде, салынған қаржыны мүлде қайтару мүмкін болмай қалады.

Абзал Құспанның сөзінше, қаржы көлемі жеткілікті деңгейге жеткен сәтте көлеңкеде отырған құрылтайшылар қаражатты шығарып алып, ізін суытады.

– Көп жағдайда мұндай схемалардың артында шетелдік ұйымдастырушылар тұрады. Олар Қазақстан аумағында азаматтарды тартумен айналысып, өздері тасада қалады. Әдетте, бұл компаниялар салықтық жеңілдігі бар офшорлық аймақтарда тіркелген.

Азаматтар қаржылық пирамиданың табиғатын білсе де, әдейі қатысады. Олардың ойынша, өз ақшасын уақытында шығарып алса болғаны. Кейде олар үлгермей, өздері де алданғандардың қатарына қосылады. Сондықтан барлық жәбірленушінің айтқанына толық сенуге болмайды, – дейді Абзал Құспан.

Заңгердің сөзінше, мұны әлеуметтік желідегі парақшалардан да байқауға болады. Бір күні бір жобаға, келесі күні басқа бір ұсынысқа ақша салатындар бар. Егер қаржысын ала алмаса, жәбірлендім деп дабыл қақтырады, ал ақшасын уақытында алса, үнсіз қалады. Сол кезде өзінен кейін қанша адам сол схеманың құрбаны болғанына мән бермейді. Мұны да назардан тыс қалдырмау қажет.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жақсылық МЫРЗАХАН,
Алматы қаласы Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ресми өкілі:

Жалған инвестиция жұрттың жүйкесін жұқартты

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті 2025 жылы қаржылық пирамидаларға қарсы бағытталған алдын алу және әшкерелеу жұмыстарын күшейтті. Атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде қала аумағында қаржылық пирамидаларға байланысты 12 қылмыстық іс тіркелген. Тексеру барысында Maticbasket, Warner Bros, Үйлі болайық және өзге де қаржы пирамидаларының заңсыз қызметі анықталды. Аталған ұйымдар азаматтарды ақша салуға үгіттеп, кейін басқа адамдарды тарту арқылы мол табыс табуға болады деген уәдемен өз қатарларына шақырған. Көп жағдайда алаяқтар тұрғындарға жеңіл әрі тез жолмен көлік немесе баспана алу мүмкіндігін ұсынып, түрлі алдау схемаларын ойлап тапқан. Осылайша олар азаматтардың сенімін пайдаланып, заңсыз әрекеттерін жүзеге асырған.

Қаржылық пирамидалар әлеуметтік желілерде тартымды жарнамалар таратып, оны мемлекеттік құзырлы органдардың ресми сайттарына ұқсатып немесе танымал брендтердің логотиптерін пайдалану арқылы азаматтарды өзіне тартуда. Бұл тәсілдер арқылы олар адамдардың сеніміне кіруге тырысады. Сонымен қатар, алаяқтар жасанды интеллект технологияларын қолданып, тұрғындарды күмәнді инвестициялық жобаларға бағыттайды. Мұндай жағдайда ең алдымен азаматтардың сақтық танытуы аса маңызды. Себебі, көп жағдайда адамдар асығыс шешім қабылдап, оңай пайда табуға болады деген оймен әрекет етеді. Алайда, іс жүзінде мұндай жобалардың басым бөлігі қаржылық пирамидалар болып шығады. Құқық қорғау органдары бүгінде барлық қолжетімді цифрлық мүмкіндікті пайдалана отырып, әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде тұрақты мониторинг жүргізіп келеді. Осы бақылау барысында қаржылық пирамидалардың белгілері бар, яғни күмән тудыратын жобалар анықталып, олар бойынша тиісті тексеру шаралары жүзеге асырылады. Анықталған заңсыз сілтемелерді бұғаттау үшін уәкілетті органдарға жолданады.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2025 жылы «Киберқадағалау» бағдарламасы аясында Алматы қаласында 1300-ден астам интернет-ресурс бұғатталған. Мамандар азаматтарға кез келген қаржылық жобаға қатысты ұсыныс түскен сәттен бастап, оны бірнеше кезең бойынша мұқият тексеруге кеңес береді. Алаяқтар жобаның жоғары табыс әкелетінін және қауіпсіз екеніне кепілдік беретінін алға тартуы мүмкін. Сонымен қатар, жарнамаларда танымал тұлғалардың бейнесі мен дауысын қолданатын жалған видеоар, яғни «дипфейк» технологиясы жиі кездеседі. Мұндай жағдайда ұсынылған ақпаратты міндетті түрде мемлекеттік органдардың ресми дерекқорлары арқылы тексеру қажет.

Қаржылық пирамидалармен күрестің алдын алу шараларының маңызы зор. Ең алдымен, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру қажет. Сонымен қатар, күмәнді ұйымдардың қызметін ерте анықтау, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту және киберқылмыстарға қарсы бақылауды жетілдіру маңызды. Сондықтан қаржылық пирамидалармен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Әрбір азамат кез келген қаржылық ұсынысқа сын көзбен қарап, асығыс шешім қабылдаудан бас тартуы тиіс. Тек осындай сақтық қана алаяқтардың құрбаны болудан қорғай алады.

ДӘРІС

АЛАЯҚТАРДЫҢ «НЫСАНАСЫ» – ҚАРТТАР

Өмірімізге ақпараттық технология құралдары дендеп енгелі алаяқтық та өршіді. Иә, ғаламтордың, түрлі платформаның барлық мүмкіндігін сарқа пайдаланып жеңіл ақша табуды көздейтіндер ардан да безуге дайын. Олай дейтініміз, алаяқтар өз құрығына көбіне қарттарды түсіруге құмар.

Нұржамал
ӘЛІШ

Алматының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында құқық қорғау органдарының өкілдері зейнеткерлерді сондай алаяқтарға алданып қалмаудың жолын, олардың адамды сендіріп тұрып алдайтын тетіктері қандай екенін, одан қорғану жолдарын да айтып, кең көлемде дәріс оқыды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Өкінішке орай, қазір көбіміз ресми ақпарат көздеріне емес, әлеуметтік желідегі бейтаныс адамдардың, түрлі инвестициялық жобаларды жарнамалайтын бло-

герлердің сөзіне сенеміз. Біздің тарапымыздан жиі ұсынылатын профилактикалық роликтерге үңіле бермейміз. Қаржылық сауатымыздың аздығынан қызыл сөздерге алданып қаламыз. Осы орайда сіздерге қоңырау шалатын күмәнді адамдардың дені басқа мемлекеттерде отыратын алаяқтар екенін айтқым келеді. Сондықтан ең дұрысы – белгісіз нөмірден қоңырау түссе немесе хабарлама келсе, мән бермеу, сілтемелерді ашпау немесе құқық қорғау органына хабарласқан жөн, – дейді Алматы қаласы бойынша Экономикалық тер-

геу департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Жақсылық Мырзахан.

Сондай-ақ, «Алаяқтық: одан өзінді және жақыныңды қалай қорғауға бола-

ды?» деген тақырыппен өткен кездесуде дипфейк (deepfake) туралы да түсіндірілді. Бұл – жасанды интеллектінің көмегімен жасалатын жалған фото, видео немесе аудио. Ол бір адамның түр-сипатын, дауысын немесе қимылын басқа адамның бейнесіне өте шынайы етіп «жапсырып» қоя алады. Міне, алаяқтар бұл тәсілді де ұтымды пайдалануға көшкен қазір. Егде жастағы қариялар үстіне құқық қорғау органы өкілінің киімін киіп алып, өзіне бейнеқоңырау шалып тұрған адамның шын не өтірік екенін қайдан айырып жатсын. Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкері Батыр Бауыржанұлы былтыр бір ғана Алматының өзінде дипфейк алаяқтығы бойынша 40-тан астам қылмыстық іс жүргізілгенін атап өтті.

Кездесу барысында зейнеткерлер арасында алаяқтарға алданған немесе құрығына түсіп қала жаздаған қарттар оқиғаларын әңгімелеп, құқық қорғау органы өкілдерінен кеңес алды.



ЕЛГЕ ЖЕТКЕН ЕҢБЕК



Алматы қаласы – ел руханиятының тайқазаны. Шаһардың интеллектуалды ортасында күн сайын бір бағалы еңбек жарық көріп, ұлт руханиятының қазынасына қосылып жатады. Күні кеше ғана ҚР Ұлттық кітапханасында тағы бір құнды кітап оқырмандарымен қауышты.

Өткен ғасырдың бұрқасынды жылдарында өмір сүрген белгілі ғалым, шығыстанушы, қоғам қайраткері Кітапбай Ақмоллаұлының «Мұңлы заман» кітабы Атажұртта алғаш рет жарық көрді. Қазақ руханиятының сыр сандығы – ҚР Ұлттық кітапханасында өткен кітап таныстырылымына жиналған қаламгер-тарихшылар, этнограф-ғалымдар қазақ тарихының шекара сыртында қалған қазыналы қатпарлары жайында терең танымды әңгіме өрбітті.

Кітапбай Ақмоллаұлы (1924–1985 ж.ж.) араб, парсы, шағатай, ұйғыр, қытай, татар тілдерін жетік меңгерген шығыстанушы ғалым ретінде қазақ халқының шежіресі мен тарихын зерттеуде өзіндік үлес қосқан тұлға. Оның «Қазақ шежіресі» атты кітабы «Балалар сөзі» жүз томдығының 32-ші томына еніп, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеудегі құнды деректің бірі ретінде бағаланған.

Бұл рет жарық көрген «Мұңлы заман» кітабына адамзаттың жаратылысы, түркі халықтарының тарихы мен таралуы жан-жақты қамтылған, сондай-ақ автор тарихи деректер мен шежірелік мәліметтерді пайдалана отырып, түркі өркениетінің қалыптасу кезеңдерін және қазақ халқының түп-тамырын жүйелі түрде көрсетеді. Жазушы Ырысбек Дәбей баспаға дайындаған бұл еңбекте Кітапбай Ақмоллаұлының саяси репрессия кезінде бастан кешкен алмағайып күндерді де суреттеледі.

Белгілі түріктанушы-тарихшы Елдес Орда басқосуда Кітапбай Ақмоллаұлының өмір сүрген тарихи кезеңге шолу жасап, кеңестік репрессия мен Қытайдағы жағдайларға қарамастан ұлт көшбасшылары арасындағы терең байланыстың қазіргі түсініктен әлдеқайда жоғары болғанын бірқатар дәлелдермен түсіндірді. Айталық, Кітапбай Ақмоллаұлының ұстазы Қапас мүфти Ақмоланың тумасы екенін, оның «Алаш» зиялыларымен де терең байланысы бар екеніне қатысты деректерді мысал етті.

Қазақ мәдениеті мен руханияттың әлі де жарық көрмеген жауһарлары көп, бірсыпырасы шетелдерде жатқаны тағы бар. Басқосуда зиялы қауым өкілдері болашақ зерттеушілерінің басты міндетінің бірі осындай құнды жазбаларды қазақ елінің рухани қазынасына қосу екенін айтты. Әрі «Мұңлы заман» жинағы осы бағытта жұмыстың оң қадамы ретінде бағаланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ӘКЕГЕ САҒЫНЫШ»

Отбасы институтын дәріптейтін әдеби туынды жарық көрді



Қазақстан Республикасы Ұлттық Орталық музейінде талантты ақын Салтанат Сұлтанованың «Әкеге сағыныш» атты кітабының тұсаукесері өтті. Оқырманына жол тартып отырған жаңа жинақта автор отбасы институтының маңызын, әкенің бала үшін өмірден алар орнын көркем сөз бен әуенді саз тілімен жеткізді.

Бес бөлімнен тұратын кітаптың дені балаларға арналған өлеңдер мен әндерден тұрады. Сондай-ақ, жинақта «Жұлдызды балалар» атты қиял-ғажайып, шытырман оқиғаға толы әңгімесі де еніп отыр. Кітап авторының балаларға арналған жиырмадан астам әнін мектеп оқушылары сүйіп орындайды. Бұған дейін «Балауса кездер қайда-сың?» атты жыр жинағы жарыққа шыққан.

– Алғашында кітаптың атын басқаша қойған едім. Ата-анамды Қостанайдан кітаптың тұсаукесеріне шақырсам деп жүргенімде, ол арманым орындалмады. Ендігі жерде әкеге деген сезім сағынышқа айналып қала берді. Естеліктерден тұратын тағы бір бөлім қосып, кітаптың атын «Әкеге сағыныш» деп өзгерттім, – дейді Салтанат Дүйсенқызы.

Оқырманына ой салар кітаптың соңғы бөлімінде тәрбиелік мәні бар әке туралы әдемі мақалдар, әлемге белгілі тұлғалардың цитаталары топтастырылған. Осылайша жас ақынның жаңа жинағы әке тақырыбымен басталып, әкеге деген сағынышпен аяқталады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Қазақтың бейнелеу өнері кенжелеу дамығанымен, қосы жанрда өз қолтаңбасын қалыптастырған жандар атақ-дәреже дәметпей-ақ, адалдықпен қызмет етіп жүр. Халқымыздың бекзат өнерінің өміршең болуына зор үлесін қосып, аянбай еңбек етіп келе жатқан ҚР Суретшілер одағы мен Көркемөнер академиясының мүшесі Ақан Оймауытов нағыз жанкешті кәсіп иесі. Ағаштан түйін түйген өнер иесінің бірнеше туындысы «Анаға құрмет» музейінің төріне қойылып, көрмеден орын алды.

АҒАШҚА ОЙЫЛҒАН ОЙ

Ақан Оймауытовтың туындылары таныстырылды



Рая
ЕСКЕНДІР

Ақан Бақырқанұлы – суретші әрі мүсінші. Ол кез келген туындысына шынайылық, қарапайымдылық пен терең философияны арқау етеді. Шығармаларына акварель, майлы бояу, графика техникасын пайдаланып, табиғаттың сұлулығын, тарихи кезеңдер мен адам болмысының нәзік қырларын бейнелейді. Өнер иесі соңғы жылдары ағаштан мүсін жасау өнеріне де ерекше ден қоя бастады.

– Ағашпен жұмыс істеу – оны өңдеу, ысқылау, пішінін келтіру оңай шаруа емес. Ең бастысы, ағаштың табиғи түсін сақтай білу керек. Егер оны жылтыратып, бояп, өңін өзгертсеңіз, өзінің табиғилығын жоғалтады. Ал табиғи реңі жоғалған жерде адам мен табиғаттың арасындағы байланыс та үзіледі.



Кейде бір ғана мүсінді жасауға бірнеше ай уақытым кетеді. Әрине, асығып, тез жасап шығуға да болар еді. Бірақ ондай дүниенің жаны, мәні жоғалады. Мен үшін мүсін – тірі образ. Адам бейнесін жасағанда оның бетінде әрбір меңі, дағы, әжімі анық көрініп тұруға тиіс. Сол себепті, бұл жұмыста төзім қажет. Әрі кез келген ағаштың өз мінезі, өз пішіні болады. Зер салып қарасаңыз, кейде ағаштың өзі бір образды бейнелеп тұрғандай әсер етеді. Тек сондай сәтті жібермеу керек. Ол үшін қырағылық, үздіксіз ізденіс керек, – дейді Ақан Оймауытов.

Табиғаттың әрбір деталіне мән бермей, нағыз өнер тумады. Ағаштың иіні, жарығы, бұтағы – бәрі бір-біріне үндесіп тұруы тиіс. Ал сол үйлесімді бұзбай, бейнелей білу мүсіншінің басты міндеті болса керек.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Балгүл ТІЛЕУБЕРГЕН,
«Анаға құрмет» музейінің экскурсия жетекшісі:

Табиғатпен тілдескен мүсінші

Өнер иесінің «Атамның портреті» жүз жыл ғұмыр кешкен атасына деген құрметі болса, «Кәрілік» туындысында қартаюды, арқаның бүкіреюін, бетке түскен әжім анық көрінеді. Ал «Сақ қызы» мүсіні арқылы ерте заманда түркі жұртының, отбасының тірегі болған сақ қыздарының бейнесін шебер сомдаған. Бұл – әйелдің, ананың, ұлттың негізін ұстап тұрған рухтың символы. Табиғат үнсіз сөйлейді, ал шынайы суреткер соны сезіп, бүлдірмей жеткізе алғанда ғана нағыз өнер туады.



Бір айдан соң бәйшешек гүлдеп, жер-әлем жасарып, жаңара бастағанда Роза Рымбаеваның «Шақырады көктем» әнін тыңдаймыз. Ал Ұлыстың ұлы күнін «Наурыз-думансыз» өткізбейтініміз анық. Мамырда «Әлияны» әуелетеміз. Жаздың әдемі кештерінде жастар «Куә бол», «Жаңбырлы түн» әндеріне жұптаса билейді. Ал кішкентай балдырғандар «Айгөлекті» жатқа айтып, ортада дөңгеленіп жүреді. «Ертеңіме сенемін» әні болса бәрімізге шабыт береді, қанат бітіреді. Осынау әдемі де өміршең әндердің орындаушысы – Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаеваның үлкен сахнада жүргеніне жарты ғасыр болыпты.

ӘН ӘЛЕМІНІҢ «Әлиясы»

Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаеваның
үлкен сахнада жүргеніне – жарты ғасыр



(суретті түсірген автор).

дейді өнер өкілдері. «Песня года – 79» фестивалінде қарапайым ғана қысқа шашты, зор дауысты қалақтай ғана қазақ қызы нағыз фурор туғызып, «Любовь настала» әнін сан мың жүрекке жеткізе білген. Осы әні оған Кеңес Одағы тұсында «Қазақстанның алтын дауысы» атағын алып берген.

Кешегі концертке сонау Әзербайжан елінен «Istədim» әнімен танымал Роза Зергерлі келіп, біздің Розаға гүл ұсынды. Бакулік актриса, әнші қыз өмірге келіп жатқанда осы «Любовь настала» хит-парадта «жыл әні» атанған кез екен. Рымбаеваның өнеріне ғашық болған әскери шенді әкесі сәбиінің есімін Роза деп қояды. Міне, өнерде шекара жоқ деген осы.

Махаббат

Роза Рымбаева күйеуі Тасқын Оқапов болмағанда бұл сахнада, өнерде жүрмес едім дегенді жиі айтады сұхбаттарында.

1975 жылы Алматыға алғаш рет көркемөнерпаздар конкурсына қатысуға келгенде концерттік костюмі де болмаған еді. Сахнаға мектепте киіп жүрген ақ көйлегімен шығып, үлкен симфониялық оркестрмен ән салып, жеңімпаз атанған. Сол концертте залда тыңдарман болып «Гүлдер» ансамблінің бас дирижері Тасқын Оқапов отырған екен. Ол сол конкурста өнер көрсететін үлкен оркестрдегі музыкант достарымен бильярд ойнауға келісіп отыра тұру үшін келген болатын. Сол сәтте сахнада концерттік костюмсіз ән шырқап тұрған кішкентай ғана қараторы қыздың ғажап дауысына елең ете қалған көрінеді.

Роза Рымбаева 1979 жылы дирижер, композитор Тасқын Оқаповқа тұрмысқа шығып, Әли және Мәди есімді екі ұл дүниеге әкелді. Бірақ күйеуі 1999 жылы өмірден өтіп кетті. Екі жылдан соң жолдасының Әлия және Мәншүк есімді қарындастарын да қамқорлығына алып, өмірін төрт баласына және шығармашылығына арнады.

Музыканттар

Қазір Әли, Мәди және тұңғышының келіншегі Ақерке – бәрі шығармашылық адамдары. Бір үйдегі төртеу – ән деген бір әлемнің адамдары.

Ұлы – әнші, композитор, биші, продюсер Әли Оқапов кейінгі жылдары анасына арнап ән жазып жүр. Қобызшы келіні Ақерке Бүркітбай Зейін есімді немере сыйлады. Айтпақшы, Роза Қуанышқызының кешегі шығармашылық концертіндегі барлық

әннің аранжировкасын екінші ұлы – жас музыкант, пианист Мәди Рымбаев жасап шығыпты.

Республика сарайында өткен «50 жыл сахнада» ән кешіндегі сахнаның көркемдігіне сөз жетпес. Бүкіл жаһанның жарығы сонда дерсіз! Әншінің тікесінен тік тұрып оркестрмен жанды дауыста ән салуы көрерменің ерекше ықыласын оятты. Толқытты. Жүрегінен құйылып келіп жатқан әндеріне өзі де толқып, көңілі босап, жанарына үйірілген жасын да жасырмай, мұңын, жұбайына деген сағынышын өлеңмен жеткізгендей болды. Ән де жұбаныш.

Ілтипат

Ықылас демекші, билеттер он күннің ішінде бірден өтіп кетіп, билет сұрағандар тым көп болғандықтан, бір күнге екі концерт беруді шешті. Әли Тасқынұлы екі концерттен түскен қаражат та балаларды оңалту орталығына аударылатынын мәлімдеді осы кеште.

Роза әнші өзімен бірге ән салған Мақпал Исабекова, Диана Исмаил, Yenlik сынды эстрада жұлдыздарына сахнаға киген әдемі көйлектерін сыйлады. Шығармашылық кешке Димаш Құдайбергеннің арнайы тағзым етіп келгені тосын сый болды. Ол құшақ сыймас гүлін алып, жарқ етіп сахнаға көтерілгенде, Роза Қуанышқызы толқынысын жасыра алмады.

Әлі күнге дейін өнердегі бағын жаққан ару Алматыда тұрып келе жатқан Қазақстанның Халық әртісі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, педагог-профессор Роза Рымбаеваға шығармашылық концертінің соңында Алматы қаласы әкімдігі атынан ықылас гүлі ұсынылып, ілтипат көрсетілді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Туған үй

Сәл шегініс. Роза Қуанышқызы қарапайым теміржолшының отбасында, сегіз балалы үйде өскен. Есімі әйгілі Роза Бағланованың құрметіне қойылған. Көпбалалы отбасынан шыққандықтан болар, кішкентайынан бауырмал, еңбекқор, елгезек болып өскен.

Бір кездері колхоз, совхоз дегендер ыдырағанда елдің бәрінің күнкөрісі тұралағаны белгілі. Сонда Роза ауылдағы жұмыссыз қалған бауырларын біртіндеп үлкен қалаға көшіріп әкеліп, олардың бала-шағасының оқуына, шамасы келгенше әрқайсысының баспаналы болуына көмектескен.

Алғашқы қадам

Роза орта мектепті бітіргеннен кейін Семейдегі музыкалық училищеге түсіп, онда үш жыл оқиды. Одан кейін Алматыдағы театр-көркем өнер институтының музыкалық-драмалық комедия факультетіне түсіп, бес жыл оқып тәмамдайды. Бұл кезде ол Кеңес Одағының үлкен сахналарын, халықаралық байқауларды бағындырған жұлдызы жарқыраған Роза Рымбаева болатын. Жұлдызбын демей, гастрольдерінен келе салып, қалып қойған сабақтарының орнын толтыру үшін, мәселен, студенттердің екі ай оқыған бағдарламасын бір аптада меңгеріп алатын болған екен.

Төрт октава

Ол республикалық «Гүлдер» жастар-эстрадалық ансамблінің солисі, одан соң

«Қазақконцерт» бірлестігі жанындағы «Арай» эстрадалық ансамблінің солисі болып сахнаға шықты.

Көптеген халықаралық конкурстың Гран-при иегері болған Роза Рымбаева 22 жасында-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, ал 28 жасында Қазақстанның халық артисі атанды. Оның дауыс диапазоны төрт октаваға дейін жетеді.

«Жұлдызды сәт»

Оған танымалдылық әкелген ән – Сейдолла Бәйтереков пен Бәкір Тәжібаевтың «Әлиясы». 1977 жылы Болгарияда өткен, бақандай 40 мемлекеттен әншілер қатысқан «Золотой Орфей» фестивалінде Әлия Молдағұловаға арналған осы әнді шырқап, Гран-приді ұтып алды.

Арада жарты ғасыр өтсе де, «Әлия» сахнадан әлі түскен жоқ. Роза Рымбаева кеше Республика сарайында өткен шығармашылық концертінде осы әнін сол бұрынғы бояуын жоғалтастан жанды дауысымен шырқағанда, көрермен соққан шапалақ ұзақ уақыт үлкен сахнада қалықтап тұрды.

1978 жылы әйгілі «Песня года» фестивалінде де ән шырқап, КСРО-ның «Звуковая дорожка» хит-парадтың ұшар басында Алла Пугачева және София Ротарумен қатар тұрды.

Алтын дауыс

«Как много лет во мне любовь спала...» деп келетін ән сөздерін тек Розадан естіп келеміз. Бұл әйгілі Роберт Рождественский мен Раймонд Паулстың «Любовь настала» өлеңінің жолдары. Осы бір классикалық туындыны көптеген советтік танымал әншілер орындағанымен, Роза Рымбаеваның орындағанындай болмаған

(суреттер ашық дереккөзден).



Еліміздің Конституциясы бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тең және жынысқа байланысты кемсітушілікке тыйым салынған. Демек, гендерлік теңсіздіктің орнауы – әр адамның қоғамда қорғалуы тиіс басты құқықтарының тапталуы. Кейде бұл көрініс жалақыдағы айырмашылықтан, мансаптық тұрғыдағы алалаушылықтан байқалса, кейде отбасындағы ер мен әйелге артылатын жауапкершілік арқылы сезілетіндей. Қазақстандағы гендерлік теңсіздіктің көріністері мен салдарын саралау үшін әлеуметтанушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты Әдемі СЕМБИНОВАМЕН сұхбаттасқан едік.

БІРЛІК БАР ҮЙДЕ БЕРЕКЕ БАР

Қоғам қалыптастырған көзқарас

– Әдемі ханым, гендерлік теңсіздік ұғымын әлеуметтану тұрғысынан қалай түсіндіресіз? Негізінен, бұл атаудың тамыры қайдан бастау алады?

– Гендерлік теңсіздік – қоғамда әйел мен ер адамның мүмкіндіктерінің бірдей болмауы. Яғни бір адамға көбірек мүмкіндік беріліп, екіншісіне шектеу қойылуы. Бұл құбылыс қоғамның күнделікті өмірінде айқын байқалады. Білім алу бағытын таңдауда, жұмысқа орналасу кезінде, жалақы мен қызметтік өсуде көрініс табады. Көп жағдайда «әйел – әлсіз, ер адам – мықты» деген түсінік қалыптасқан.

Алайда, бұл мәселе адам табиғатынан емес, қоғам қалыптастырған көзқарастан туындайды. Гендерлік теңсіздіктің тамыры дәстүр мен тәрбиеден бастау алады. Ежелден келе жатқан түсінік бойынша ер адам – асыраушы, ал әйел – үй шаруасымен айналысуы тиіс деген көзқарас қалыптасқан. Соның салдарынан әйел еңбегі кейде бағаланбай жатады. Экономикалық тәуелділік те маңызды фактор. Егер әйелдің тұрақты жұмысы болмаса немесе жұмысқа тұруы қиындаса, оның қоғамда да, отбасында да шешім қабылдау мүмкіндігі азаяды.

Кейбір жұмыс берушілер әйел болашақта декреттік демалысқа кетуі мүмкін деген себеппен оны жұмысқа қабылдаудан бас тартады. Бұл да теңсіздікті күшейтеді. «Әйел басшы бола алмайды», «әйелдің орны – ошақ

басы» деген көзқарас әлі де қоғамда кездеседі.

– Дәстүрлі отбасы моделінің гендерлік теңдікке ықпалы қандай? Отбасындағы жауапкершіліктің тең бөлінбеуі әйелдердің қоғамдық белсенділігіне әсер ете ме?

– Қазақстанда заңнама бойынша ер мен әйелге атқаратын жұмысына қарай бірдей жалақы төлеу қарастырылған. Дегенмен, отбасы мен үй шаруасында, бала тәрбиесінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінде гендерлік теңсіздік әлі де байқалады. Қазақы таным бойынша үй жұмысы мен бала тәрбиесі көбіне әйелдің мойнына жүктелетіндіктен, оның уақыты мен ресурсы шектеліп, қоғамдық белсенділігі мен мансаптық мүмкіндігі азаяды. Сондықтан жауапкершіліктің ер мен әйел арасында тең бөлінуі – гендерлік теңсіздікті азайтудың негізгі шарттарының бірі.

Жүк тең бөлінсе, жанжал болмайды

– Қазақстандағы заңнамалық база гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге қаншалықты жеткілікті? Заңнан гөрі қоғамдық сана маңызды деген пікірмен келісесіз бе?

– Гендерлік теңсіздікке қатысты заңнамалық негіздер бар. Конституцияда әр адамның тең құқық пен тең мүмкіндікке ие екені нақты көрсетілген. Алайда, мәселе заңның бар-жоғында емес, оның өмірде шынайы жүзеге асуында. Мәселен, көп жағдайда зорлық-зомбылық көрген әйелдің мәселесі

Заң – бәрінен маңызды, себебі ол кемсітушілікке тосқауыл қояды және әлеуметтік әділеттілік нормаларын бекітеді. Қазіргі қоғамда қоғамдық сана да үлкен ықпалға ие. Қарапайым ғана мысал, заң бойынша әйелдің жұмыс істеуіне ешкім тыйым салмайды, бірақ қоғам тарапынан «әйел үйде отыруы керек» деген қысым жасалуы мүмкін. Яғни заң бар, алайда қоғамдық сананың ықпалы кей жағдайда күштірек болып отыр.

– Гендерлік теңсіздік белең алса, қоғам қандай әлеуметтік тәуекелдерге тап болуы мүмкін? Бұл қиындықтардың алдын алу бағытында әлеуметтанушы ретінде қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

– Гендерлік теңсіздіктің күшеюі тек әйелдерге ғана емес, бүкіл қоғамға кері әсер етеді. Ол зорлық-зомбылықтың артуына, отбасылық тұрақсыздыққа, кедейлікке және әлеуметтік әділетсіздікке алып келеді. Оның алдын алу үшін ең алдымен отбасындағы жауапкершілікті теңдей бөлу қажет. Бала тәрбиесі, қаржы және үй шаруасы ер мен әйелге ортақ болуы тиіс.

Сонымен қатар, тәрбиедегі «ұлға болады, қызға болмайды» деген стереотиптерді азайту, қыздардың көшбасшылық қабілетін қолдау, ұл балаларды эмоциясын дұрыс басқаруға үйрету және еңбек нарығында әділ мүмкіндіктер қалыптастыру маңызды.

– Әңгімелескеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.

«отбасылық жағдай» ретінде қарастырылып, тиісті деңгейде шешілмей жатады. Бұл заң нормалары жеткілікті болғанымен, бақылау тетіктерінің әлсіз екенін көрсетеді. «Заңнан гөрі қоғамдық пікір маңызды» деген көзқараспен келіспеймін.



КЕРЕК ДЕРЕК

2024 жылғы Гендерлік теңсіздік туралы Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) есебіне сәйкес, Қазақстан 146 елдің ішінде 76-орынды иеленді, ал 2023 жылы 62-орында тұрды. Қоғамда қызметкерлер арасында гендерлік теңгерім сақталғаны байқалады. Мәселен, 2024 жылы қоғамдағы жалпы қызметкерлер саны 142 адам болса, олардың 49%-ы ерлер, 51%-ы әйелдер (2023 жылы ерлер – 43%, әйелдер – 57%, 2022 жылы ерлер – 37%, әйелдер – 63%). Бұл деректер қоғамның гендерлік теңгерімді сақтау бағытында, соның ішінде топ-менеджмент құрамында да айтарлықтай жетістікке жеткенін көрсетеді және қызметкерлер арасында гендерлік өкілдіктің теңдігін сақтау бойынша жұмысты жалғастырудың маңыздылығын айқындайды.

2024 жылы Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Гендерлік теңдік саясатын әзірлеу туралы шешім қабылдады. Бұл ұйғарым қызметкерлерге жынысы мен болмысына қарамастан, мансаптық және кәсіби дамуға тең мүмкіндік беретін инклюзивті әрі әділетті еңбек ортасын құруды көздейді. Саясат БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына сүйене отырып әзірленген.

ТҮЙІН:

Қазақстандағы гендерлік теңдік – қоғам дамуының маңызды бағыттарының бірі. Бұл ұстаным әйел мен ер адамның құқықтары мен мүмкіндіктерін тең дәрежеде қамтамасыз етуді көздейтіні анық. Отбасындағы ауызбіршілік пен жауапкершіліктің ортақ болуы да ерекше мәнге ие. Ер мен әйелдің бірлесе атқаратын міндеттері әулеттің тұрақтылығы мен берекесін арттырады. Әйтсе де, аяулы ананың – шаңырақтың жылуын сақтап, ұрпақ тәрбиесіне тікелей ықпал ететін ұйықты екені әрдайым ескерілуі тиіс.



МЕМЛЕКЕТТІК ИПОТЕКА

тұрғын үй мәселесін түбегейлі шеше ала ма?

Елдің мемлекеттік тұрғын үй саясаты азаматтарды сапалы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған. Қалаға көшкен халық үшін мемлекет түрлі санаттағы азаматтардың қажеттілігін ескеретін бірқатар арнайы бағдарламаларды іске қосты. 2026 жылы қандай ипотекалық бағдарламалармен үй алуға болатынын талдап көрдік.



(Сурет: Жи)



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Homsters.kz-тің ақпаратынша, биыл ипотека жаппай сұранысқа емес, нақты әлеуметтік және кәсіби санаттарға бағытталады. Мемлекет жинақтың болуына, ресми әрі тұрақты табысқа, бағдарламалардың әлеуметтік маңызына басымдық береді. Сондай-ақ, банктер пайыздық мөлшерлемені жинақ көлеміне қарай кезең-кезеңімен төмендету тетігін белсенді қолдана бастайды. Сондықтан жеңілдетілген ипотека алу қиындайды.

«Наурыз»

2026 жылы да негізгі бағдарламалардың бірі – «Наурыз» ипотекасы. Отбасы банк бұл бағдарламаның кемінде 2031 жылға дейін жалғасатынын растады. Өтінім қабылдау дәстүрлі түрде көктемде басталады деп күтіледі.

Бағдарламаның негізі шарттары – пайыздық мөлшерлеме – 9%, әлеуметтік осал санаттар үшін – 7%; бастапқы жарна – таза әрленген үйге 10%, қарапайым әрленген үйге 20%; қарыздың ең жоғары сомасы: Астана мен Алматыда 36 млн. теңгеге дейін, өңірлерде 30 млн. теңгеге дейін; несие мерзімі – 19 жылға дейін.

Бұл бағдарлама тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы баспана алуды жоспарлаған азаматтарға арналған әмбебап құрал болып қала береді. Қазіргі таңда «Наурыз» бағдарламасын кеңейту, оның ішінде облигацияларға қатысты шектеулерді алып тастау мәселесі талқыланып жатыр.

Еңбек адамдарына арналған

«Наурыз жұмыскер» бағдарламасы да 2026 жылы жалғасады. Шарттары стандартты «Наурызбен» бірдей, алайда ол нақты салаларда жұмыс істейтіндерге ғана қолжетімді.

Бағдарламаға өнеркәсіп, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика және су ресурстары салаларының қызметкерлері қатыса алады.

Өтінім қабылдау да 2026 жылдың көктемінде басталады деп күтіліп отыр. Бұл бастама мемлекетке еңбек нарығындағы тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

«7-20-25»

Бұл бағдарлама 2026 жылы да жұмысын жалғастырады. Тіпті, оған қосымша қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Бағдарлама шарттары: пайыздық мөлшерлеме – 7%; бастапқы жарна – 20%; несие мерзімі – 25 жылға дейін; ең жоғары қарыз сомасы: 30 млн. теңге – Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау; 25 млн. теңге – Қарағанды; 20 млн. теңге – басқа өңірлер.

Жаңартылған лимиттер бұл бағдарламаны қазіргі нарықтағы баспана бағасына бейімдей түсті.

Әйелдерге арналған «Ұмай»

«Ұмай» әйелдер ипотекасы әлі іске қосылмағанымен, 2026 жылы бағдарламаның басталуы күтіледі. Қаржыландыру мен нақты мерзімдер әзірге нақтыланбаған.

Жоспарланған шарттар: пайыздық мөлшерлеме – 14,4%, кейін 3,5–5% дейін төмендеуі мүмкін; бастапқы жарна – 15–20%; қарыз сомасы – 50 млн. теңгеге дейін; мерзімі – 25 жылға дейін.

Сарапшылар бұл бағдарламаны тұрақты табысы бар, бірақ өзге жеңілдетілген ипотекаларға қолы жетпейтін әйелдер үшін балама деп бағалайды.

«Жасыл ипотека»

Отбасы банкінің «Жасыл ипотекасы» да 2026 жылы жалғасады. Ол энергия үнемдейтін, экологиялық талаптарға сай тұрғын үйлерді сатып алуға арналған.

Шарттары: ең жоғары сома: 50 млн. теңгеге дейін; бастапқы жарна – 20%, тұрғын үй төлемдерін алушылар үшін 15%; мөлшерлеме – 12,5%, жинақ 50%-ға жеткенде 3,5–5% дейін төмендейді.

Бұл бағдарлама әсіресе, ірі қалаларда сұранысқа ие болмақ.

2026 жылғы ипотеканы сәтті алу үшін мына қадамдарды қазірден бастаған жөн: Отбасы банкте депозит ашу; ресми және тұрақты табысты қамтамасыз ету; несие тарихын тексеру; бастапқы жарна мен ай сайынғы төлемді алдын ала есептеу.

Осы орайда тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігіне қатысты экономистің пікірін білуді жөн көрдік.

● Сіз не дейсіз?



Ләззат
НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,
ЭКОНОМИСТ

Нарықты әртараптандыру қажет

Бүгінде мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары – «7-20-25», «Наурыз», сондай-ақ, Отбасы банкі арқылы жүзеге асатын жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар тұрғындарға қолжетімді шарттар ұсынууда. Қазақстан бойынша 2024-2025 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 38 пайыздан 36 пайызға дейін төмендеді. Бұл ең алдымен, жеңілдетілген бағдарламалардың есебінен мүмкін болды.

Қазіргі таңда жаңа берілген ипотекалардың 67 пайызы – мемлекеттік бағдарламалар аясында. Пайыздық мөлшерлеменің 7 пайызға дейін төмендеуі ай сайынғы төлемдерді жеңілдетіп, тұрғындардың баспана алу мүмкіндігін арттырды.

Алматыда да үрдіс ұқсас. «7-20-25» бағдарламасы енгізілгеннен кейін тұрғын үйдің бір шаршы метрінің орташа бағасы 95 пайызға өсті. Дегенмен, төмен пайыздық мөлшерлеме ипотекалық жүктеменің күрт өсуіне жол бермей, сұранысты сақтап қалды. Қала бойынша 17 728 займ беріліп, олардың жалпы сомасы 284 млрд. теңгені құраған. Бұл көрсеткіштер қала экономикасына оң әсер етті.

Бағдарламалар құрылыс саласын жандандырды, салық түсімдерін арттырды, құрылыс материалдары мен қызмет көрсету салаларында өсім байқалды. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етті. Сонымен қатар, тұрғын үй бағасының өсуі қолжетімділік деңгейінің шамамен, 8 пайызға төмендеуіне әсер етті. Нарықтың мемлекеттік бағдарламаларға тәуелділігі де ұзақ мерзімде тұрақсыз болып тұр. Өйткені, нарықтық ипотека азайып жатыр.

Жалпы, тұрғын үй бағдарламалары қала экономикасына үлес қосады. Бірақ тұрғын үй бағасын реттеу қажет және ипотекалық нарықты әртараптандыру керек деп есептеймін.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

КЕУДЕНІ КЕСПЕЙ
ЖАСАЛАТЫН ОТА

Кардиологиядағы MICS орталығының жетістігі қандай?

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығының кардиохирургия бөлімшесі базасында шұғыл және жоспарлы пациенттерге көмек көрсететін Минималды инвазивті кардиохирургия (MICS) орталығы мен Аорта патологиясы орталығы ашылды.

Бұл туралы орталық директоры Ермағамбет Қуатбаев Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимовпен өткен есептік кездесуде мәлімдеді. Минималды инвазивті кардиохирургияның басты ерекшелігі – кеуде қуысына жасалатын дәстүрлі көлемді тіліктен бас тарту. Яғни операция кеуде сүйегін кеспей, бүйір жақтан шағын тілік арқылы жасалады. Бұл хирургиялық жарақатты азайтып, асқыну қаупін төмендетеді әрі пациенттердің тезірек сауығып кетуіне мүмкіндік береді.

MICS бағытын дамыту заманауи оталардың үлесін арттырып, пациенттердің озық технологияға қолжетімдігін кеңейтуге, сондай-ақ, әсіресе, еңбекке қабілетті жастағы адамдар үшін стационарда жату және оңалту мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың жеке бір бағыты – Аорта патологиясы орталығы. Аортаның патологиясы күрделіліктің 7-санатына жатады және кардиохирургиядағы ең ауыр, өмірге аса қауіпті жағдайдың бірі саналады. Мұндай кезде әр минут қымбат, ал диагноз қою мен шешім қабылдау жылдамдығы аурудың нәтижесіне тікелей әсер етеді. Статистикаға сәйкес, аортаның жедел патологиясы бар әрбір үшінші науқас көз жұмады, ал пациенттердің 70%-ға жуығы – жас әрі еңбекке қабілетті адамдар.

Мамандандырылған орталықтың құрылуы пациенттің нақты маршрутын қалыптастырып, қаладағы медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылдың бірыңғай алгоритмін енгізуге мүмкіндік береді. Бұл алғашқы жүгінуден бастап жоғары

технологиялық медициналық көмек көрсетілгенге дейінгі аралықтағы уақытты едәуір қысқартады. Осындай алгоритмді жетілдіру көптеген адамның өмірін сақтап, аса ауыр жүрек-қантaмыр ауруы кезіндегі өмір сүру көрсеткішін арттыруға жол ашады. Жыл сайын Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында 38 мыңнан астам пациент медициналық көмек алады, соның ішінде 11 мыңға жуығы стационарлық ем қабылдайды.



Өткен жылы орталықта қалалық деңгейде бұрын қолжетімсіз болған жоғары технологиялық емдеу әдістері енгізілді. Атап айтқанда, LVAD имплантациясы, жүрек трансплантациясы, Beating Heart әдісімен қақпақшаларды пластикалау және интраоталық криоабляция қолдана отырып қақпақшаларды протездеу жүзеге асырылды.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

Қатты күйіп, зардабын тартқан балаға күрделі операция жасалды

Осыдан сегіз ай бұрын 1 жас 8 айлық баланың үстіне қайнаған су төгіліп кетіп, қатты күйіп қалған. Нәтижесінде оң қолында, кеудесінде және мойында айтарлықтай тыртықтар пайда болып, оң қолдың білезік буыны мен бас бармағы тыртыққа тартылып шығып кеткен. Саусағы мүлдем қозғалыссыз қалған.

Аталған аурухананың травматолог ортопед дәрігері Ұлжан Солтанбекова түсіндіргендей, мұндай хирургиялық араласулар көп жағдайда күйіктен 6 ай өткеннен кейін, тыртық тұрақталғанда жасалады. Осылайша бұл жолы ота күйіктен сегіз ай өткен соң жасалды. Бірақ кейде аяқ-қолдың жұмысын ертерек қалпына келтіру қажет болады. Өйткені, уақыт өте келе сіңірлердің, тамырлар мен нервтердің қысқаруы, буындардың деформациясы және сүйектердің қисық өсуі байқалады. Ал одан кейінгі хирургиялық емдеу айтарлықтай көлемді, күрделі, әрі бірнеше мәрте жасалуы болуы ықтимал.

Ота кезінде дәрігерлер кішкентай науқастың тыртық тінін алып тастап, бас бармағын түзетіп, қалпына келтірді. Пайда болған тері ақауын жабу үшін кәрі жілік артериясымен қанданатын тері жылжытылды. Донорлық аймақ шат аймағынан алынған терімен жабылды.

Қазір баланың жағдайы тұрақты. Келесі айда дәрігерлердің бақылауында болады, ал қолы 3-4 апта бойы гипспен бекітіледі. Қажет болса, болашақта сыртқы түрін, эстетикалық нәтижесін жақсарту үшін қосымша түзету отасы жасалуы мүмкін.

«Мұндай халықаралық «шеберлік сабағына» қатысу алматылық дәрігерлерге заманауи емдеу әдістерін жетік меңгеруге және клиникалық тәжірибеде біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Біздің мамандар алдағы уақытта заманауи микрохирургиялық технологияларды қолдана отырып, осындай реконструктивтік оталарды өз бетінше орындап, қазақстандық балаларға көмектесе алуға қауқарлы. Біз үнемі инновациялық технологияларды үйренуге, дамуға және осы бағытта алға жылжуға ұмытлатын боламыз», – деп атап өтті №2 БҚКА директоры Марат Рабандияров.

АНЫҚ-ҚАНЫҚ

87 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН
ПЕРЗЕНТХАНА СҮРІЛДІ

Орнына жаңасы бой көтереді

Мегополистегі 1938 жылы салынған №1 қалалық перзентхана толықтай сүріліп, орнына жаңасын салу жұмысы да басталып кетті. Қала әкімдігінің мәліметінше, ғимаратқа жүргізілген техникалық тексеру нәтижесінде тірек құрылымдары мен инженерлік желілерінің 100 пайыз тозғаны анықталған.

Өрт қауіпсіздігі, желдету, гидроқашаулау жүйелері қазіргі заман талабына сай келмеген, сондай-ақ науқастарды тасымалдауға арналған жедел саты болмаған. Жер телімі тектоникалық жарылым аймағында орналасқанына қарамастан, ғимаратта бірде-бір рет сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілмеген. Ғимараттың сейсмикалық нормалар талаптарына сәйкес келмейтіні жөнінде ҚазҚСҒЗИ-дің тиісті қорытындысы бар.

Құрылымдық тозудан бөлек, нысан медициналық көмек көрсету стандартына да сай болмаған. Атап айтқанда, қабылдау бөлімінде шұғыл ота жасайтын зал болмаған, пациенттерді triage (сұрыптау) жүйесімен қабылдауға жағдай жасалмаған, операциялық блок пен реанимацияда инфекциялық бақылауға арналған арнайы үй-жайлар қарастырылмаған.

Ғимараттың іргетасын күшейту мүмкін болмағандықтан, ал күрделі жөндеу мен оны ұстау экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп танылғандықтан, 1938 жылғы ғимаратты сүріп, оның орнына жаңасын салу туралы шешім қабылданды.

Жаңа корпус пайдалануға берілгеннен кейін көрсетілетін медициналық қызмет саны жылына 11 мыңнан 14 мыңға дейін өсіп, босану саны 5 мыңнан 9 мыңға дейін артады деп жоспарланып отыр. Жаңа ғимарат акушерлік, перинаталдық көмек пен жаңа туған нәрестелерге күтім жасау саласында инновация мен озық медициналық технологияны, дәлелді медициналық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Құрылыс жұмысын келесі жылдың наурызында аяқтау көзделіп отыр. Осы кезеңде перзентхана жұмысын тоқтатпайды – барлық бөлімше уақытша Сейфуллин даңғылындағы «А» блогына орналастырылады.

ЖАҢА ПЕРЗЕНТХАНАНЫҢ:

- жалпы аумағы 10 мың шаршы метрден асады;
- үш қабатты ғимарат болады;
- 155 орынға есептелген;
- энергияны үнемдейтін технология енгізіледі;
- 4 операциялық зал жабдықталады;
- қабылдау бөлімінде де шұғыл ота жасайтын бөлме қарастырылмақ.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ҚУЫҚТЫҢ
ҚАТЕРЛІ ІСІГІ

Нені білу маңызды?

Алматы қаласы Онкологиялық орталығының дәрігер-онкоурологы Нұрлыбек Малгелдиев қуықтың қатерлі ісігі көбінесе 50 жастан асқан адамдарда анықталатынын, алайда одан да жас кезде де болуы мүмкін екенін атап өтті.

Оның айтуынша, негізгі қауіп факторлары: темекі шегу, қуықтың созылмалы қабыну аурулары, зиянды жағдайларда жұмыс істеу және тұқым қуалайтын бейімділік.

«Ауру ерте сатысында симптомсыз, еш белгі бермей бас көтеруі мүмкін. Егер зәрде қан байқалса, шұғыл түрде дәрігерге қаралу керек. Диагноз қою үшін жалпы зәр анализі, қуық пен бүйректің ультрадыбыстық зерттеуі, цистоскопия (қуықтың ішін тексеру), КТ немесе МРТ, диагнозды растау үшін биопсия қолданылады. Ерте анықталса, сәтті емдеу мүмкіндігі өте жоғары», – деді онкоуролог.

Сондай-ақ, Нұрлыбек Малгелдиев ауру қаупін азайту үшін темекіден бас тарту, зиянды орындарда жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, жеткілікті мөлшерде су ішу, зәр шығару жолдарының қабыну ауруларын уақытылы емдеу және үнемі профилактикалық тексеруден өтіп тұру маңызды, әсіресе, 40–45 жастан кейін осы жайттарға мән беріп жүрген абзал екенін айтты.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазыла аласыздар. Газеттің әрбір санын редакциядан өзіңіз келіп алып отырасыздар.

Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106А. Тарату және жарнама бөлімі.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Жазылу кезінде жеке ба-сын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Төлем жасалғаннан кейін бухгалтерия тарапынан жазылу мерзімі көрсетілген растайтын құжат беріледі.

Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- **1** айға – **640** теңге.
- **3** айға – **1920** теңге.
- **6** айға – **3840** теңге.
- **12** айға – **7680** теңге.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- **1** айға – **500** теңге.
- **3** айға – **1500** теңге.
- **6** айға – **3000** теңге.
- **12** айға – **6000** теңге.

Барлық сұрақтар бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуларыңызға болады:
8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25. 8 708 592 02 25. 8 707 766 80 00.

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.



ҚАЛА ТЫНЫШТЫҒЫ

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Медеу ауданында есірткі жарнамаларына қарсы рейд өтті



Суреттерді түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

орындарға ерекше назар ауда-рылды.

Шараға учаскелік полиция инспекторларының 13 экипажы жұмылдырылып, нәтижесінде есірткіге қатысты 50-ден астам граффити боялып, жойылды. Сонымен қатар, аудан тұрғында-рына нашақорлықтың алдын алу және есірткінің заңсыз айналымы үшін көзделген құқықтық жауап-кершілік туралы ақпараттық па-рақшалар таратылды.

Алматы қаласы Полиция де-партаменті Медеу ауданы Поли-ция басқармасының бастығы **Жәнібек Шынасыл:**



– Аудан-дық полиция басқармасы, прокуратура, әкімдік және Жастар орта-лығымен бір-лесіп акция-ны тұрақты түрде өткізіп келеміз. Бүгін 13 экипаж құры-лып, төрт сағат бойы рейд жүргізілді. Есірткіге қарсы күресте қоғам болып күш біріктіруіміз қажет. Бұл акция жыл басынан бері апта сайын ұйымдастыры-лып келеді, – деді.

Аудан әкімдігі мен полиция басқармасы есірткіге қарсы күрес жүргізіп жүрген ұйымдар мен белсенді азаматтардың бастама-ларын әрдайым қолдауға дайын екендерін жеткізді.

Алматы қаласы Полиция де-партаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подпол-ковнигі **Дәурен Асқарұлының** айтуынша, бұл акция наркожар-намаларды жоюға бағытталған:

– Қала аумағында есірткіні на-сихаттайтын заңсыз жаз-балар мен су-реттер анық-талып жатыр. ҚР Қылмыс-тық ко-дексінің 296-бабы (есірткі заттарын насихаттау немесе заңсыз жарнамалау) бо-йынша жаза – 6 жылға дейінгі бас бостандығынан айыруды көздейді. Өткен жылы Алматы қаласы бойынша 16 адам ұста-лып, 16 қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар, интернет пен мессенджерлер арқылы тарала-

тын онлайн наркожарнамаларға қарсы да кешенді іс-шаралар жүргізілуде, – деді ол.

Медеу ауданы Жастар комь-юнити-орталығының резиденті **Досжан Талдыбекұлы:**

– Біз ау-дандық по-лиция бас-қармасы-мен бірлесіп бірнеше рет рейдке қа-тысып ке-леміз. Негізгі мақсатымыз – жастарды жаман әдеттерден сақтандыру және қаламызды есірткі жарна-маларынан тазарту. Бұл жолы шамамен 30-ға жуық жас қатыс-ты. Олардың қатарында медици-налық колледж бен Абай атында-ғы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері бар, – деді.

Есірткіге қарсы күрес – өзектілігін ешқашан жоғалт-пайтын мәселе. Осындай рейдтер мен профилактика-лық іс-шаралар қоғамда зиянды заттардан сақтану мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосады.



Дана
САДЫРҚАН

Рейдтің негізгі мақсаты – тұр-ғындардың есірткінің зияны ту-ралы құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ заңсыз жар-намаларды анықтап, жою. Ак-цияға студенттер, жергілікті атқа-рушы органдардың өкілдері, прокуратура мен полиция қыз-меткерлері атсалысты.

Рейд барысында қатысушы-лар аудан аумағын аралап, нар-кожарнамалардың орналасқан жерлерін тіркеп, оларды жедел жою шараларымен айналысты. Әсіресе, тұрғын үйлердің аулала-рына, подъездерге, жерасты өт-келдеріне, аялдама павильонда-рына және өзге де қоғамдық

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 2 сәуір, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 150 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 18 наурыз, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 2 сәуір, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 414 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 18 наурыз, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ТУРИЗМ

Дана
САДЫРҚАН

Көрме барысында Алматының туристік әлеуеті заманауи дизайн мен ұлттық нақышты ұштастырған стенд арқылы таныстырылды. Экспозицияда қазақтың дәстүрлі мәдени элементтері, ұлттық ою-өрнектер және заманауи мультимедиялық шешімдер үйлесім тапты. Көрме қорытындысы бойынша Алматы стенді «Қалалық туризмді үздік таныстырғаны үшін» марапатына ие болды. Бұл қаланы халықаралық нарықта таныстыру жұмысының тиімділігін және шетелдік аудиторияның жоғары қызығушылығын көрсетті. OTM Mumbai 2026 аясында Алматы



делегациясы жетекші тuroператорлармен, әуе компаниялармен және халықаралық

МУМБАЙДА МОЙЫНДАЛҒАН МЕГАПОЛИС

Қаламыздың туристік әлеуеті
Үндістандағы көрмеде жоғары бағаланды

Алматы қаласы Азиядағы ең ірі халықаралық туристік көрмелердің бірі АOTM Mumbai 2026 көрмесіне қатысты. Көрмеде тuroператорлар, әуе тасымалдаушылар, қонақүй брендтері мен ұлттық туристік кеңселерді қамтыған әлемдік туристік саланың негізгі өкілдері бас қосты.

қонақүй желілерімен 100-ден астам B2B кездесу өткізді. Келіссөздер шетелден келетін туристер санын арттыруға,

жаңа туристік бағыттар мен өнімдерді дамытуға, сондай-ақ халықаралық әріптестікті нығайтуға бағытталды. Әсіресе, болашағы зор үнді нарығына басымдық берілді.



СПОРТ



ҚАНЖЫҒАДА – 7 АЛТЫН

Жастар құрамасы Қазақстан чемпионатында жеңімпаз атанды

Алматы қаласының құрамасы жастар арасындағы тазквондодан (WT) Қазақстан Республикасы чемпионатында жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметінше, жарыс 4–9 ақпан аралығында Түркістанда өтті. Чемпионат қорытындысы бойынша алматылық спортшылар 7 алтын, 3 күміс және 10 қола медаль жеңіп алды.

Спорт басқармасы турнир бойы Алматы спортшылары жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жарыста тұрақты нәтиже көрсеткенін атап өтті. Қол жеткізген көрсеткіш жастар спортын дамытудағы жүйелі жұмыстың тиімділігін және оқу-жат-

тығу үдерісінің сапалы ұйымдастырылғанын айқын дәлелдейді.

Сонымен қатар, чемпионаттың барлық жеті жеңімпазы 7-8 сәуір күндері Өзбекстан астанасы Ташкентте өтетін тазквондодан әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды. Атап айтқанда, Әлидар Әбдүкәрімов (68 кг), Эвелина Әбдірасілова (59 кг), Сағи Мәдиұлы (45 кг) Нұрәлі Махмұт (59 кг), Мұхаммедәлі Махмұт (63 кг), Жанелия Жақсылықова (49 кг), Әділет Шері (51 кг) ел біріншілігінде топ жарды. Күміс жүлдені Маржан Нұржанова (42 кг), Алла Цой (46 кг) және Евгений Васенькин (63 кг) жеңді. Қола медаль иегерлері: Әлихан Өмірәлі (63 кг), Аделя Кәрімова (68 кг), Дияр Қасым (59 кг), Олеся Внукова (63 кг), Аяна Жетісу (+68 кг), Ерасыл Ерболатұлы (68 кг), Ерсұлтан Әбдірасілов (68 кг), Диана Ивановна (46 кг) Сальса-биль Әбдіқадырова (46 кг) және Мирас Рахымға (63 кг) бұйырды.

БОКС ЗАЛЫ БОС ҚАЛМАДЫ

«Тренер аға» сериалының тұсауы кесілді

Алматыда онлайн-платформаның Аспорттық драмасы – «Тренер аға» сериалы көрерменге жол тартты. Сериалдың негізгі идеясы – озбырлыққа, зорлық-зомбылыққа және қылмыстық қысымға қарсы тұра алатын рухани күшті қалыптастыру, жауапкершілікті сезіну. Жоба режиссері бұған дейін «Qaqa» сериалын түсірген Бейбіт Өнер. Оның айтуынша, «Тренер аға» – бұл ең алдымен тәлім мен тәрбие туралы хикая.

– Дархан – тек боксқа үйрететін жаттықтырушы емес. Ол жасөспірімдерге қиындықтарды жеңуге, шешім қабылдауға және күрделі жағдайларда өз болмысын сақтап қалуға көмектеседі. Біз үшін спорт пен адамгершілік – жас ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер сыйлайтын көрсету маңызды болды, – деді режиссер.

Сериалда басты рөлді Қуаныш Құдайберген сомдады. Түсірілімге дайындалу үшін актер үш ай бойы кәсіби спортшылармен жаттыққан.

– Қазақстанда бокс – бұл жәй ғана спорт емес, мәдениетіміздің бір бөлшегі. Бірақ бұл сериал жүлде мен жеңістер туралы емес. Бұл өмірлік қиын жағдайға тап болған жасөспірімдер үшін спорт пен жаттықтырушының қалай тірек бола алатыны туралы, – деді актер.

Сериал бұрын кәсіби боксшы болған Дарханның оқиғасын баяндайды. Ол 8 жылдан кейін әкесінің жерлеу рәсімі үшін туған қаласына оралады. Оған мұра ретінде ескі бокс залы қалады. Жергілікті кәсіпкер залды қомақты қаржыға сатып алуды ұсынады. Алайда, Дархан әкесінің бұрынғы шәкіртіне тап болып, бұл ұсыныстан бас тартады. Осылайша кейіпкер көше балаларының бапкеріне айналады. Бірте-бірте зал үшін күрес жасөспірімдердің болашағы, әкесінің абыройы және өз өмірін өзгерту мүмкіндігі үшін күреске ұласады.

Айта кеткен жөн, жобаға бокстан Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев те қатысып, эпизодтық рөл сомдады. «Тренер аға» сериалы 8 бөлімнен тұрады және қазақ тілінде түсірілген.

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.